

**Төртінші деңгейде** белгісіздікпен өрнектеу арқылы білім алушы жазылым әрекеті арқылы талдайтын материалын символдармен жазып, айтылым бойынша ауызша толық талдау жүргізіледі. Оқушы тілдік бірліктерді меңгерумен қатар шартты белгілермен жұмыс жасауға үйренеді. Сол арқылы өз беттерінше жұмыс жасау барысында іскерлік дағдысы қалыптасады.

**Бесінші деңгей.** Диалог арқылы талдау. Мұнда көбінде талдау үлгілері ауызша орындалады. Бұл талдау арқылы аңғарымпаздыққа, әріптесінің жауабын мұқият тыңдауға, ойын әрі қарай жалғастырып кетуге машықтанады. Сонымен қатар мұндағы іс-әрекет көбіне ойын түрінде жүргізіледі. Білім алушының білімді ойын түрінде меңгеруі дағды болып қалыптасуына көп септігін тигізеді.

**Алтыншы деңгей.** Жат жазу. Білім алушылардың «Сатылай кешенді оқыту» арқылы меңгерген теориялық білімдерін жатқа жаздыру арқылы: а) теориялық білімді меңгеру деңгейін; ә) талдауды сауатты жүргізу машығын; б) орфографиялық сауаттылығын; в) тыныс белгілерді дұрыс қою дағдысын қалыптастырады, келесі кезекте кері байланыс жүзеге асырылады. Технология авторы Н.Оразахынова алтыншы деңгейде жат жазуды беруде Ж.Аймауытовтың мына ой-тұжырымын басшылыққа алады. Ж.Аймауытов: «...ережені түбірлей беру жақсы әдіс емес, жақсы әдіс оны талдау, тексеру, ойлай білу, содан кейін «жай пысықтап, қайталап» деген толықтырғыш бөлімін қосу керек. Жаттату сонда керек болады. Енді ол ережені оңай ұғады. Жабайы жаттағаннан гәрі миға тереңірек қонады» [4, 138 б]. **Жетінші деңгей. Уақытқа талдау.** Уақытқа талдаудың басты қағидалары – әр сөйлемді, сөзді, дыбысты сауатты талдау, анық, айқын айтуға дағдыландыру. **Сегізінші деңгей. Компьютерлік талдау.** Бүгінгі ақпараттық технология заманында оқушы тақырыпқа сай мазмұнды компьютерді пайдаланып орындауға қалыптасып қалған. Сондықтан мұғалім ақпараттық технологияны мақсатты түрде нағыз оқу құралына айналдыруы керек. Бұл білім алушылардың ақпараттық құралдармен сауатты әрі жылдам жұмыс жасау машығын қалыптастырады. Талдап отырған сөйлеміне, сөздеріне қажетті материалдарды ақпарат көздерінен алуға дағдыланады.

**Тоғызыншы деңгей. Тест.** Тест – оқушылардың білімін бақылау мен бағалаудың тиімді әдісі. Тестің түрлері көп, оны мұғалім сабақтың мақсатына қарай таңдап алуы керек.

**Оныншы деңгей** шығармашылық деңгей. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының тоғыз деңгейін меңгерген білім алушы оныншы деңгейде өзінің жинаған білімінің қорытындысын береді. Яғни оқушының ізденісі, ақпарат көздерін пайдаланып жинаған материалдарыт.б. жұмыс түрлерінің жинақталған кезеңі осы шығармашылық деңгейде көрінеді. Оқушының жазу сауаттылығы, оқу сауаттылығы, функционалды сауаттылығы осы шағырмашылық деңгейде анықталады.

Осы деңгейге дейінгі алған білімдерін басшылыққа ала отырып әр пәннің мазмұнына сәйкес түрлі шығармашылық жұмыстар жасауға дағдыланады.

Қорыта келгенде, оқушының жазу сауаттылығын қалыптастырудың алғышарты әріп, дыбыс, буынды меңгеруінен басталады. Жазу ережесін сақтап үйренген оқушы сауатты жазуға қалыптасады. Оқушыны қатесіз жазуға, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге, көркем шығарма оқуға үйрету – оқу, жазу сауаттылығының кепілі. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету мұғалімнің шығармашылығын көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. **Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.** 2007 жыл 27 шілде.
2. **А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы.** Алматы, 1992. – 448 б.
3. **Оразахынова Н.А. Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілін сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері,** дисс.пед.ғылымдарының док. 13.00.01, 2007.
4. **Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы,** 4Т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 436 б., 301-б.
5. **Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.**

ӘОЖ 821.512.122

#### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨРІНІСІ

**Левкович Ж. Ю.** – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, «А.Текенов атындағы №2 ОЖББМ» КММ, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы.

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметінің өмірлік құндылықтары жайында сөз қозғалған. «Кел,балалар,оқылық!» өлеңі арқылы білімнің шыңына шығудың оңай емес

екендігін түсіндіре отырып, Алтынсариннің демократиялық – ағартушылық бағыты, оның педагогикалық көзқарасы туралы жазылған.

*Кілт сөздер:* Тәрбие, білім, ағартушылық, өскелең ұрпақ, мектеп, мәселе, оқу құралдары, хрестоматия, көкірегің оятқан үндеу.

Ыбырай Алтынсарин ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын еңбектерінің жоқтығы көпшілікке белгілі. Десе де, оның барлығы да қоғам қайраткерінің педагогикалық тәжірибесінен көрініс тапқан.

«Бір аллаға сыйынып,  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық!» – деген өлеңінде халқымыздың көрнекті ағартушы-педагогы бір жағынан қара түнектің тұңғиығына батқан халыққа жарық сәуле сыйлауға үміттеніп білім нәрімен сусындауға шақырса, екіншіден, ғылым-білім, өнерді қастерлемей, аш қасқырша байлыққа құмартқан жандарды қатты сынға алады. Туындысында білімнің шыңына шығудың оңай емес екендігін, біршама баспалдақ, қиындықтарға төтеп беріп, адам өзінің бойындағы жалқаулық, көрсеқызарлық, еріншектік, нәпсіқұмарлық мен берілгіштік қасиеттерін жеңе білудің маңыздылығын алға тартады. Жазушының бұл өлеңі жәй қағаз бетіндегі әріптер ғана емес, оның педагогикалық қызметінің бастауы мен болашақ Қазақстан Республикасының азаматтарының көзін ашып, көкірегің оятқан үндеу болған еді. Педагогика тарихының негізгі ұғымдары: тәрбие, білім беру, мектеп, педагогикалық ой, педагогикалық идеялар, педагогикалық көзқарастар, педагогикалық теория, этнопедагогика, халықтық тәрбие. Соның ішіндегі алтын ұя мектеп жайында сөз қозғамақпын. Ең ескі оқу ғимараты – Фес қаласындағы Карауин мұсылман университеті. Ол б.д. 859 жылы құрылған. Ұлттық мектебіміздің негізін қалаушы, қалыптасуына зор үлес қосқан жандардың бірі де бірегейі – Ыбырай Алтынсарин. Схоластикалық оқу жүйесіне қарсы шыққан чех елінің белгілі ойшылы, педагог Ян Амос Коменский «Надандықтың дауасы білім ғана, мектеп жас баланың жанын біліммен сусандыруы керек» деген екен.

Аталмыш ұлттық мектептеріміздің іргетасын қалауға бірден білек сыбана кірісе алмаған Ыбырай алдымен өзі жеткілікті, жүйелі білім нәрімен сусындап, түркі тектес халықтардың ішіндегі білімді, озық ойлы азаматтардың бірі болды. Ыбырайдың дүниетанымдық көзқарасының толыққанды қалыптасуына әсіресе, қазақтың төл өнері мен мәдениетін ерекше бағалаған, ақыл+парасаты жоғары, сөзге шешен, ел алдында абыройлы, сыйлы атасы Балғожаның ықпалы болды. Оның алға қойып, діттеген мақсаты – қазақ жерінде зайырлы білім қабырғаларын тұрғызу. Әрине, мақсатқа қол жеткізу үшін қомақты қаражаттың керегі айдан анық. Ағартушылық жолға сол қаражаттың ең бірінші үлесін Ыбырайдың өзі қосқан еді. Елімізде білімді ұрпақ білім алады деген ой үш ұйықтаса түсіне кіріп шықпайтын үкімет басындағы халық басқарушы, бай-болыстарды білім саласына қаражат бөлуге иландыру ағартушы-педагог үшін оңайға соққан жоқ. Десе де XIX ғасырдың алпысыншы жылдары облыстық басқарма Ыбырай Алтынсаринге Торғай қаласынан мектеп ашып, дәл сол мектепте орыс тілінің ұстазы қызметін ұсынды. Бұл көтерілген мәселе араға 4 жыл салып жүзеге асты. Жазушы үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде мектеп қабырғасының табалдырығын алғашқы болып аттаған 16 білім алушының үш ай көлемінде оқу-жазуды үйреніп алғандарын мақтанышпен өз туындыларында тілге тиек еткен еді. 1879 жылдан бастап Ыбырайдың мектеп инспекторы болып тағайындалып, облыстың уездік қалаларында училищелер ашуы білім-ғылымға мұқтаж болған талай шәкірттерге үлкен жол ашты.

Оқу төмендегі бағытта жүргізілді:

- қазақ тілі: оқу және жазу;
- орыс тілі: оқу және жазу;
- Еуропа, Азияның басты-басты қалалары мен мемлекеттері қамтылды.
- татар тілі: оқу және жазу;
- көркем жазу;
- арифметика: қосу, алу, көбейту, бөлу.

Оқу жылының аяғында білім алушылардан арифметикадан есептік тексеру, көркем жазудан сауаттылық, қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аудару емтихандары талап етілді.

Қазақ қоғамындағы «тек ер азамат білім алуы керек!» деген қатып қалған қағидаға тоқтау қойған да Ыбырай еді. Ол мектеп кітапханаларының жабдықталуы мен білікті мамандардың қызмет етуімен қатар, қарақөз қазақ қыздарының қолына қалам алуына түрткі болды. Нәтижесінде, 1886 жылы 211 қыз баласы хат таныған. Дәл осы жемісті жұмыстан кейін халық арасындағы кертартпа пікірлер басылғандай-ақ. Әр шаңырақтағы ата-ана қыз балаларын өздері қолынан жетектеп мектеп қабырғасына алып келетін үлкен прогресс орын алды. Лашық іспетті балшықтан тұрғызылған бір бөлмелі мектепте өзін «социалист», «шоқынған кәпір» деп қаралап, келген шәкірттің сөмкесіне көз салған молдасымақтардың қызмет атқармауына жағдай жасады. Еңбектерінде «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан

жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық еш нәрсе жоқ» деген түйінді қалдырған. Ол қазақ жеткіншектерді тәрбиелеуде орыс мектептерінің үлгісінде жүргізді.

Ыбырай Алтынсарин білім алушылардың оқу құралдары, материалдық базаны да назардан тыс қалдырмаса керек. Ол шәкірттеріне Лев Николаевич Толстой, Константин Дмитриевич Ушинский, Николай Фёдорович Бунаковтың еңбектерін ұсынды. Осы тұлғалардың шығармаларын қазақ балаларына дәріптеуде жалғандық, дүниеқоңыздық, екіжүзділіктің қорлығы сынға алып, еңбексүйгіштік, жомарттық, адалдық, қайырымдылық, ізеттілік сынды адамгершілік қасиеттерге басымдылық берді. Шәкірттерінің көптеген құнды деректерді өздігінен түсіне алуы үшін ол аударма ісін қолға алған еді. 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуды қолға алып, оқулықты араға 3 жыл салып Орынбор қаласында баспадан жарыққа шығарды. Оқулықтың жинағына новелла, хикая, әңгімелер мен өлеңдер кірген. Сонымен қатар, хрестоматия қазақтың әдеби, көне үлгілерінен де кенде емес. Хрестоматияның бірінші бөлімі Ыбырайдың ағартушылық бағыттағы жазған туындыларынан құралған болса, екінші бөлімінде орыс ақын-жазушылардың аудармалары жарияланған. Жоғарыда атап өткен «Кел, балалар, оқылық» өлеңі де осы жинаққа кіріккен. Ақын өз кезеңінде бұл поэзиялық туындыға «Сөз басы» деген атау берген. Бұл туынды өзіндік актуалдылығын қазіргі таңда да жоғалтқан жоқ. Халқымыздың бетке ұстар, ел мақтаған, қоғамға еңбегі сіңген азаматтарының мағыналы, тәрбиелік мәні зор еңбектері қашан да қызметін жоғары деңгейде атқаруда. Бүгінде қолына «Әліппе», «Ана тілін» қолға алған өскелең ұрпақ міндетті түрде Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің терең мағынасынан сыр шертпей қоймайды.

Сиса көйлек үстінде

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы

Шоқуменен табылған.

Ыбырай Алтынсарин педагогикалық мұраларының негізгі идеясы – адамның өзара қарым-қатынасы, келешек ұрпақты білім мен еңбекке шақыру болды емес пе?! Жазушының әңгімелеріне арқау болған тақырып – еңбек. Адам баласының тиянақты еңбек етуі білімі мен жауапкершілігіне байланысты болса, оның жақсы тұрмыс-тіршілікте өмір сүруі қаншалықты қажырлы еңбек етуімен тікелей сабақтасып жатыр.

Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты, оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнады. Екіншіден, ұстаз тәлімгерлер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады [1].

Ыбырай Алтынсарин – саналы ғұмырын туып-өскен халқын жаңа заманның ағымы, өркениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ағартушының өрісі жоғары дарыны мен өскелең ұрпаққа үлгі боларлық өнегелі өмірі халқымыздың мәдениеті, өнер-білім, ғылымында тайға таңба басқандай өшпес ізін қалай қалдырған болса, дүниеге келгеніне 180 жыл толып отырған биыл да, келешекте де өзіндік құнын жоғалтпасы анық. Ұлы тұлғалардың орнын ойсыратып, өнегелі өсиеттерін жерге қалдырмау, үмітін ақтау жас ұрпақтың қолында. Тар жол, тайғақ кешу кезеңінде ғалымның ізін жалғаушылар да аз болған жоқ. XX ғасырда алғашқыда Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев көтерген ағартушылық қозғалыстың туын Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатовтар жалғастырды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарар болсам, адамзаттың қоғамдық ой-санасының прогресске ұшырауына ықпал еткен ұлы тұлғалардың бірі есебінде қоғам қайраткерінің есімі аталмай қоймайды. 48 жасында қыршынынан қиылған Ыбырайдың қазақ өлкесінде орыс үлгісінде білім беретін мектеп қабырғаларын қалыптастыруы, алфавиттің негізінде шәкірттеріне оқулықтарды жарыққа шығаруы сынды ерен еңбектері ұмытылмайды. «Мектептің жаны – мұғалім. Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер» деп қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, Ыбырайдың өзі дәріс жүргізіп жүріп, мектеп қызметкерлерінің сапалы қызмет етуіне көңіл бөлгендігі жөнінде тілге тиек етпесек болмас. Әдебиет сыншысы, публицист Дмитрий Иванович Писарев «Мектепте оқу керек, ал мектептен шыққан соң, онан да көп оқу керек» демекші, білімді ұрпақ тәрбиелеу ұлт болып сақталып қалуымыздың кепілі болмақ. Дәл осы мәселенің түп-төркінін сонау Ыбырайлар да ескерсе керек.

### Әдебиеттер тізімі

1. **Әлемдік педагогикалық ой-сана**, 10 том, «Таймас» баспа үйі, 2010 жыл.